

Педагогикалық кеңес отырысының

№ 4 ХАТТАМАСЫ

Тақырыбы: «Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық-зияткерлік қабілеттерін зерттеу әрекеті арқылы дамыту»

Өткізілген күні: «04» 03. 2024 ж.

Өткізілген орны: «Балбөбек»бөбекжайы» КМҚК

Қатысқандар саны: 28

Күн тәртібі

1. Мектепке дейінгі жастағы балалардың танымдық-зияткерлік қабілеттерін дамытудағы зерттеу әрекетінің маңызы.
2. Зерттеу әрекетін ұйымдастырудың тиімді әдіс-тәсілдері.
3. Педагогтердің іс-тәжірибесімен алмасуы.
4. Қаулы қабылдау.

Тыңдалды

Бірінші мәселе бойынша:

Әдіскер М.К.Каргатаева баяндама жасап, мектепке дейінгі кезең баланың танымдық-зияткерлік қабілеттерінің қарқынды дамитын маңызды кезеңі екенін атап өтті. Балалардың қоршаған ортаға деген қызығушылығын арттыру, бақылау, салыстыру, талдау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыруда зерттеу әрекетінің ерекше рөл атқаратыны айтылды. Зерттеу әрекеті арқылы балалар өздігінен ақпарат іздеуге, сұрақтар қоюға, болжам жасауға және тәжірибе жүргізуге үйренеді. Бұл олардың логикалық ойлауын, есте сақтауын, зейінін, шығармашылық қабілеттерін және танымдық белсенділігін дамытуға мүмкіндік береді.

Екінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Э.Б. Нагиманова зерттеу әрекетін ұйымдастырудың заманауи әдістерімен таныстырды. Олар:

- * бақылау және тәжірибе жүргізу;
- * қарапайым ғылыми зерттеу жұмыстары;
- * жобалау технологиясы;
- * STEM элементтерін қолдану;
- * проблемалық жағдаяттарды шешу;
- * табиғат құбылыстарын зерттеу;
- * танымдық ойындар мен тәжірибелер ұйымдастыру.

Сонымен қатар зерттеу әрекеттерін ұйымдастыру барысында қауіпсіздік талаптарын сақтау, балалардың жас ерекшеліктерін ескеру және дамытушы орта құру қажеттілігі айтылды.

Үшінші мәселе бойынша:

Тәрбиеші Ж.М.Жаканова өз топтарында өткізілген тәжірибелік жұмыстар мен зерттеу жобаларының нәтижелерімен бөлісті. Балалардың зерттеу әрекетіне қызығушылығының артуы, өздігінен шешім қабылдау және қорытынды жасау дағдыларының қалыптасуы туралы пікірлер айтылды.

Қаулы етеді

1. Балалардың танымдық-зияткерлік қабілеттерін дамыту мақсатында зерттеу әрекеттерін оқу-тәрбие процесіне жүйелі енгізу.
2. Әр топта зерттеу және тәжірибе жасауға арналған дамытушы ортаны жетілдіру.
3. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес зерттеу тапсырмалары мен тәжірибелерді ұйымдастыру.
4. Педагогтердің зерттеу технологияларын қолдану бойынша кәсіби құзыреттілігін арттыру жұмыстарын жалғастыру.
5. Ата-аналарды балалардың зерттеу және жобалау әрекеттеріне белсенді тарту.
6. Танымдық-зияткерлік даму көрсеткіштерін бақылау және талдау жұмыстарын тұрақты жүргізу.

«Балбөбек»бөбекжайы»КМҚК

меңгерушісі:

Хатшы:



М.К.Каргатаева

Г.Ж.Ермекбаева